В рамках мероприятия сотрудниками полиции совместно с органами образования, школьными отрядами юных инспекторов движения проводятся уроки по безопасности дорожного движения, это могут быть как беседы, так и в виде игры, викторины или ситуационных случаев и различные акции, направленные на безопасное поведение детей на дорогах. Следует отметить, что дорожная инфраструктура вблизи учебных заведений подвергается проверке на постоянной основе. Совместно с представителями дорожных и коммунальных служб проведено порядка пяти тысяч обследований прилегающейкобщеобразовательным учреждениям территории на предмет обустройства пешеходных переходов необходимыми дорожными знаками, дорожной разметкой, пешеходными ограждениями и другими техническими средствами регулирования дорожного движения.



Большое внимание уделяется транспортным средствам, предназначенным для перевозки детей и подростков.

«В текущем году сотрудниками полиции было проверено порядка 1,2 тысяч таких транспортных средств, принадлежащих учебным заведениям. По итогам проверки выдано свыше 200 предписаний об устранении выявленных недостатков. Хочется сделать особый акцент на том, что уже через три дня все школы нашей страны откроют свои двери детям. Это период, когда дети передвигаются по маршруту “дом – школа -дом”. Это требует особого внимания родителей и всего взрослого поколения», - сообщили ранее в МВД.

«Нужно строго выполнять требования сигналов регулировщика и светофора, дорожных знаков, дорожной разметки, звуковых и световых сигналов, используемых при дорожных работах! Призываем всех быть внимательными и взаимно вежливыми! Двигайтесь по тротуарам или пешеходным дорожкам, а при их отсутствии – по обочинам. Пересекайте проезжую часть дороги только по пешеходным переходам, а при их отсутствии в пределах видимости – на перекрестках по линии тротуаров или обочин», - предупредили в полиции.

Выйдя на проезжую часть дороги, не задерживайтесь и не останавливайтесь. Если вы не успели закончить переход, остановитесь на линии, разделяющей транспортные потоки, и продолжайте переходить, лишь убедившись в безопасности дальнейшего движения, и с учетом сигналов светофора. Стоит помнить, что безопасность детей на дорогах в большинстве случаев зависит от родителей, поскольку дети копируют поведение взрослых и прислушиваются к их мнению.


В этой связи, в полиции призвали всех участников дорожного движения соблюдать правила дорожного движения и беречь наше подрастающее поколение.

Внутренняя дисциплина, уважительное отношение к закону и правам других людей – это нормы, которым наше общество должно стремиться и соответствовать.



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ

Ақтөбе қаласы
Тұрарқызы Дария
№49 ЖОББМ 11 сынып



Еліміздің келешегі өсіп келе жатқан білімді, тәрбиелі елжанды жастардың қолында екені белгілі. Болашақтағы арман-мақсаттарымыз орындалуы үшін ұрпағымыздың сапалы білім алып, саналы болып өсуі үшін бақытты балалық шағы болу керек. Ол үшін барлық мүмкіндіктермен қамтамасыз етіп, қамқор болу және Дүниежүзілік бала құқығын қорғау конвенциясын негізге ала отырып, балалардың өмірін қорғау, келешекке сенімді көзқараспен қарау қажет.



Кез келген мемлекетте, қандай да бір қоғамда балалар ерекше қамқорлықта және қорғауда болады. Мемлекетіміздің біздер, яғни балалар үшін қандай жағдай жасап, бала өмірін қалай қалыптастыратынына байланысты еліміздің келешегі айқындалады деп ойлаймын.

Осыған байланысты балаларды қорғау, олардың негізгі құқықтарын қорғау сұрақтары кез келген мемлекеттің басты көкейтесті мәселесінің бірі.

Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады. Осы мәселелерге байланысты мемлекетіміз бен жалпы қоғамдық ұйымдар, белсенді жастар, соның ішінде біз Бала өкілдіктері де проблеманы шешу жолында үлесімізді қосудамыз. Әрбір омбудсмен өз өңірінде мониторинг жүргізіп, балалармен кездесулер ұйымдастырып,мемлекеттік жастар саясатының оңтайлы жүзеге асуына күш салудамыз.

Қоғамдағы балалар құқығының сақталуы, қорғалуы және жаңа заңдылықтар мен ұсыныстардың іске асуы – балалардың өміріне жасалып жатқан маңызды жұмыстар, келешек өмірі жарқын, ашық болуға жетелеу деп саналады.

2020 жылдың 25 тамызында құрылған Республикалық Бала құқығын қорғау өкілдігі бүгінгі таңда бірнеше жұмысты атқара алды деп атап айтуға болады. Омбудсмендер аға буын өкілдері Оқу-ағарту министрімен, Адам және Бала құқықтарын қорғау өкілдерімен, ЮНИСЕФ өкілімен кездесулер өткізіп, өз ойларын айтып, өңірлердегі атқарылып жатқан балалар арасындағы жұмыстарды талқылады. Балалар пікірі құнды мәселе ретінде қабылданды.

Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) және Экономикалық зерттеулер институты қазақстандық балалардың хал-ахуалы индексін енгізді.

Индекс халықаралық талаптарды ескеріп, барлық өмірлік маңызды саланы – қауіпсіздік, денсаулық, білім, материалдық игілік, балаларды әлеуметтендіруді қамтыды. Осы индекстің көмегімен мемлекеттік органдардың балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі жұмысының нәтижелілігі қадағаланады.





2022 жылғы нәтижелер бойынша орташа республикалық көрсеткіш 55,23 балды құрады. Индекстің 2021 жылмен салыстырғанда бұрынғы деңгейде қалуы, оның нәтижелерінің әділдігін көрсетеді. Жалпы 9 өңір атап айтқанда Ақтөбе, Павлодар, Жамбыл, Қостанай, Атырау, Ақмола, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары және Шымкент қаласы балалардың жағдайының өзгеруінде оң динамиканы көрсетеді.

Қазір таңдағы балалар арасында өршіп тұрған негізгі мәселе интернетке тәуелділік. Олар желіні ерте пайдалана бастайды. Әрине дұрыс қолданған жағдайда және барша үшін қолжетімділік жағдайында интернет көкжиектерді кеңейтіп, бүкіл әлем бойынша шығармашылыққа ынталандырады. Алайда бұл мүмкіндіктермен бірге маңызды тәуекелдер де пайда болады.

Балалар әлеуметтік желілерге немесе жедел хабарлама алмасу платформаларына кірген сайын интернетте құдалаудан және құрдастары тарапынан басқа да зорлық-зомбылық нысандарынан зардап шегуі мүмкін. Интернетте сілтеме бойынша өткен кезде балалар өшпенділікпен айтылған сөздерге және зорлық-зомбылық сипаттағы материалдарға, соның ішінде дене мүшесін жарақаттауға және тіпті өзін-өзі өлтіруге итермелейтін хабарламаларға кезігуі мүмкін.



Келесі өршіп тұрған мәселеміз – бір реттік вейп-өнімдердің таралуы. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті бір реттік вейп-өнімдерінің таралуын да тежеудің жалғыз шешімі - оларға толығымен тыйым салу деп шешім қабылдап отыр.

Ал, жалпы бала өмірін сақтау оның бос уақытын тиімді пайдалану деп ойлаймын. Сондықтан біздің өңірде балалардың бос уақытын қамтамасыз ету мақсатында түрлі шаралар мемлекет тарапынан ұйымдастырылып отыр.

Мысалы Ақтөбе облысында қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін үш бағытта қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес (білім, шығармашылық, спорттық) жұмыс жасауға бейімделген «DARABALA.KZ» платформасы іске қосылды.

Қазіргі уақытта жергілікті бюджет есебінен 3 млрд. 625 млн. теңге қаражат (білім 648 млн., спорт 1 млрд. 332 млн., шығармашылық 1 млрд. 645 млн.) бөлініп, оған 20 332 (білім 6000, спорттық 6559, шығармашылық 7773) бала қабылданды.

Айта кетер болсақ, Балалар жылы аясында 1 шілде күні – Ақтөбе қаласының Сазды елді мекенінде 350 орындық мемлекеттік «Шаңырақ» аула клубы ашылды.

Ашылған Аула клубының қызметі – балаларды авто, кеме және әуе модельдеу, роботехника мен 3D модель-





деу, жобалау және дизайн сияқты техникалық спорт түрлерімен таныстыру, үйрету. Сонымен бірге, қолөнер, халық шығармашылығы, музыка, домбыра, үрмелі аспаптар, хореография, балаларды мектепке дайындау сияқты үйірмелер де жұмыстарын бастады

Платформада кезектілік балаға екпінделіп, әр бағытқа жеке кезек ұйымдастырылып ваучер кезекке тұрған уақыты (секундтық дәлдік) бойынша беріледі. Білім саласы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы кезек қарастырылған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жұмыстарға тоқталатын болсақ , барлық бала сапалы білім алуға, әлеуметтенуге, қоғамға керек екенін сезінуге құқылы екендігін терең сезіне отырып, дамуына үлес қосу болып отыр.

Қазіргі таңда көптеген балалар Халықаралық Инклюзив Академиясында волонтер ретінде қызмет атқарады. Олар мүмкіндігі шектеулі балаларға түрлі өнер мен білім үйретуді қолға алып, достасып, бірге уақыт өткізеді. Себебі мақсатымыз мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің дарындылығын ашу, олардың қабілеттерін дамыту және сүйікті мамандығын алуға және соған дайындауға мүмкіндік беру.



Әрбір жасөспірімнің немесе мүмкіндігі шектеулі баланың өз тәлімгері болады, ол жасөспірімнің немесе мүмкіндігі шектеулі баланың дағдыларын жетілдіруге және оның неге қабілеттілігін көрсетуге көмектеседі немесе олардың досы болады.

Халықаралық Инклюзив Академиясындағы өзімнің тәжірибеммен бөлісер болсам 2022 жылдың тамыз айынан бастап үш оқушыға тәлімгермін. Олар - Солтүстік Қазақстаннан 7 жасар Томирис, Жамбыл облысынан 15 жасар Руслан және Астана қаласынан 16 жасар Малика. Сонымен бірге жүзден астам тәлімгерлермен жұмыс істейтін координатормын. Барлығымыз онлайн жұмыс атқарамыз.

Қорыта айтарым, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзив мектептер ашылып, олардың тәлімгерлермен жұмыс істеу мүмкіндіктері артса, жақсы болар еді. Себебі мүмкіндігі шектеулі баламен онлайн жүздесу, денсаулыққа да, әлеуметтік жағдайға да кері әсер ететіндігі анық.

Менің ойымша, Бала құқығын қорғау өкілдігінің жұмысы маңызды жұмыстардың бірі саналады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибелерін байыту және дамыту мақсатында мектеп парламенті де жұмыс атқарады.

Сондықтан оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын жандандырып, үйірмелер мен қызығушылық секциялары арқылы мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақытта белсенді демалысын қамтамасыз ету қажет.

Балалардың құқықтарын қорғау және мүдделерін қорғау тұрғысынан балалардың қоғамдық қозғалысын жандандыру. Әр мектептегі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің балалар өкілдерінің құрамына мектеп парламентін біріктіру.



Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылы Сабыр Рахимов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-«Б» сынып оқушысы

АБДУЖАББАРОВ АБДУЛХАМИД

Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Давлетова Дилбар Акрамкуловна

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «САҒЫНДЫМ» *өлеңіне шертілген сыр*

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев қазақ әдебиетінде ерекше жарқыраған жұлдыз іспеттес. Қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі, оның жолын жалғастырушы, ізбасары болды десек қателеспейміз.

Абай атамыз бастаған сарқылмас өзеннің жалғасы, көусар бұлағы- ақын Мағжан. Абаймен бірге Мағжанның да өлмес өлеңдері қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл түркі әлемнің, одан қалды әлемдік әдебиеттің алтын қазынасы, мүлік болып қосылды.

Ақындықтағы інкәрлік әлемі, сезім сарайы, ақын жүрегінің әр соғуы өлең жолдарында жыр болып төгілгені хақ. Ақынның тудырған поэзиясы ұлттық сезімі, тіл құнарлылығы, ой тереңдігі, сөздердің қолдану ерекшелігі мен құнды.

Поэзияға шын берілген жан. Оның поэзиясы әр салаға терең батырады, тұңғиыққа терең сүңгітеді, әсем суреттейді, әр түрлі сезімдерге бой алдырып, сезім сырынан сусындатады.


Сондай өлеңдердің бірі деп «Сағындым» өлеңін алуға болады. «Сағындым» деп қойылған атаудан адам бойындағы көптен көрмегендік, аңсау, іздеу, көрісу, құшақтасу, иіскеу секілді сезімдерді түсінуге болады. Тақырыпты оқығаннан ақынның көптен, халықтан, отбасынан, анадан алыс шығар деп түйіп, оның шексіз сағынышын түсінерсің. Дегенмен, өлеңмен танысқаннан кейін ойың біршама өзгереді. «Сағындым» сөзі жай жүріп сағыну емес, еріксіз болып тұтқында отырған кездегі жанның ащы тұңғиығынан атқылап шыққан, зорлық пен қорлықтың уымен толған жүрек сағынышы екендігін түсінесің. Елім, жұртым, жерім, анам деп соққан, әділдік аңсаған жүректі еркіне жібермей, инелі торда ұстап, азапта сарғаю болып келеді өлең жолдарында.

Ақынның ұлтым, елім деп еңрегені үшін оны кінәлі деп, халық жауы деп санап, тар, қара көлеңке басқан темір тордың артында ұстауы бұл асқан озбырлық, зорлық, қанаушылық.

Ақын тар қапаста отырып, кең сары даласын, туған елін, еркелеген анасын аңсайды, дос – жаранды, таныс дауысты іздейді. Жырлай отырып, оқырман көңіліне де сағыныш, қадір қасиет сезімін байқатпай ұялатып кетеді.

Абақтыда айдан күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой сар даламды сағындым.
Қарашығым, құлыным деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Бірақ қара көлеңкелі, сасық күн сәулесі түспейтін, темір терезесі бар, қара тас үңгірден босай алмаған



жан толғанысы ақынның сағын сындырады.

Ақын асқан шеберлікпен өзі отырған жерді суреттейді. Оқырман оның сөздерінен тар қапасты көңіл көзімен көріп, исіне дейін сезеді.

Өлеңнің мына тармағында жаны қиналғаннан ешкімне көмек сұрай алмай, тәңірге де зарлайды.

Тәңір ие, өзің алшы панаңа,

Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?- бұл тармақтан ақынның символизм арасында жазған өлеңі деп қол сермеуге болмайды. Бұл тым құлазыған кезі деп тез шығармай, ақынның түрмеде отырғандағы күй-жайын толғанғанын ұмытпау керек. Дегенмен бұл өлеңнен мұңнан- зардан гөрі көңіл толғанысы басымырақ. Мағжан айналадағы халқына, анасына, досына, жарына, сар даласына деген ғашықтық сипаттары ерекше сезіммен шынайы жүрекпен жырланады. Сондықтан өлеңнің адамға берер әсері ерекше.

Өлең жолдарында ақынның бостандықты, еркіндікті аңсауы өте күшті берілген.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап өткен күнді сағындым,
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Ұлт десе жанын шүберекке түйген ақын еліне болған шексіз махаббаттың арқасында, арман- үмітінің арқасында тірі екендігі астарлап айтады, тағдырыдың тәлкісіне көнгенмен қоса, халқының бейбітшілігіне де, тәуелсіздігіне де үміт көздерімен қарайды.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім

Мен өлсем де, алаш өлмес көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Бұл наңыз отаншылдық, жанын халқы үшін аямау, ащы әділетсіздікке де, зорлыққа да елі үшін көну деген сзімді жүрегіңнің түбіне дейін терең бойлататын сөздер. Осы шумақты оқыған кезде Мағжанмен тағдыры ұқсас желтоқсаншы Қайрат Рысқұлбековтің, «Қанаты қырқылған Қайраттың»:

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
Еркек тоқты- құрбандық
Атам десең атыңдар...- деген жолдары еріксіз есіңе келеді. Араға қанша жыл салса да елім деп еңірейтін патриоттар үшін ұлт, Отан сезімдері үнемі жоғары деңгейде тұрады.

Мағжан шығармасына оралатын болсақ, ол өз азабын тыңдамай, қайратты, төзімді деп сенген елін сабырға ақырып келешектің нұрлы сәулесінен нәр алатынын, озбырлардың жауап берер күні әлі- ақ алда екенін сеніммен айтады.

Қара елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!
Өзі- ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Сөйтіп. бұл өлеңде ақынның ішкі толғанысы, жан дүниесінің сезімінен хабар береді. Бостандықтың, тәуелсіздіктің қадіріне жетуге асқан шеберлікпен тоқталады. Бұл өлеңді оқитын кез- келген адамның ішкі сезім толқыны, жан жүйесінің құбылысы көрініп отырады.

Ақынның «Сағындым» өлеңі 19 шумақтан, әр тармағы 3 бунақты, 11-12 буынды болып келіп, қара өлең ұйқасымен жазылған.

Мағжан шығармаларының құрылымы бойынша тоқталатын





болсақ, ақын өлеңдерінде көріктеуіш құралдарды өте орынды, шебер қолданған. Солардың бірі эпитет, теңеу, метафора, метанимияның қолданылуы.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым- жүйрік желді сағындым...- тармықтарында эпитеттерді адамның жан сезімін оятуға шебер қолданған. Тағы да өлеңде кездескен эпитеттер: сорлы тұтқын, қалың ой, жібек мінез, шапақ таң, қара елім, айбынды алашым, қалың ел- деп тұтқындықтағы сезімдерді суреттеуде терең мазмұн бере алған. «Эпитет-заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» (З. Қабдолов) екенін ескерсек, әрине, бұл тіркестер сезімге өзгеше сыр үстейтінін көру қиын емес.

Өлеңде теңеуді де асқан талғампаздықпен қолданған. Мысалы:

Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған елді сағындым-
немесе:
Желдей зулап өткен күнді сағындым,

Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны, өткен күнді сағындым.
Бұл теңеулер табиғилығымен,
дәлдігімен, мазмұны жағынан,
сәйкестілігімен тартымды берілген.
Ақ жібектей шапақ күнді сағындым...
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Күннің атуын ақ жібекке, Арқадағы көлдің суын балдай бұлақ деп балға теңеп отыр. Бұл табиғат құбылыстарының керемет суреттелуіне мысал бола алады.

Өлең жолдарында метанимия да өте орынды алынған:

Сарғайдым- азаптанып сағындым,
жанды жейтін- қинайтын, уға толы
жүрек- қайғы-қасіретке толы



жүрек, дене күйіп, басқа шапшып деген сөздері азаптанып, қиналып ұғымдарының орнына келіп отыр.

Метонимия- (грекше- қайтадан атау)-алмастыру, арасында жақындағы бар екі нәрсенің атын алмастырып, бірінің орнына бірін айту.

Тармақтарда метафора да шеберлікпен қолданыс тапқан. Жүйрік желді жан жолдасым деп суреттесе, қалың ойды қара жылан деп келтіреді. Қара елді қалың қара ағашым деп береді, ал Сарыарқаны сайран жер деп дәріптейді.

Метафора - (грекше көшіру) – ауыстыру, суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Ал өлең жолдарында бір рет қана шендестіру кездеседі.

Алма бетте қалмады ғой тамшы қан,- яғни, өзінің тым құлазып, солғанын осылайша тұнық, шебер бейнелейді.

Ал енді айшықтауларға келсек, өлеңде аллитерация көп кездеседі. Сағындым ғой, сар даламды сағындым...- бұл тармақта «с» әрпі қайталанып келсе,

«Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан...»- тармағында дауыссыз «ж» дыбысы қайталанып келеді, ал келесі тармақта дауыссыз «б» мен «к» дыбыстары қайталанып, аллитерацияға мысал болады.

Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті...
Қайталаудың эпифора түрі де жиі кездеседі:
Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап өткен күнді сағындым.
Өлеңнің бірнеше жолдарында «сағындым» сөзі соңғы қайталау болып келеді.

Риторикалық сұрауларға келсек, өлеңнің төрт жерінде кездеседі.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан?..
Жалындаған жас жүрекке не пайда
Дене күйіп, бір жатып, бір тұруда?..
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?..
Кім жеткізер сәлемімді анама?..

Риторикалық сұрақтар қойылады, бірақ оларға жауап берілмейді. Өйткені оның сарынынан жауап та көрініп – ақ тұр.

Өлең жолдарынан екі жерде дамытуды (градация) көруге болады:

Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер...

Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл...

Мән-мазмұнды күшейту үшін, үстемелеп, ойды екпінмен айтуға әсерлілігін күшейтуге септігін тигізіп отыр.

Ақын Мағжанның бұл өлеңінің жазылу табиғаты өзгелерге мүлдем ұқсамайды. Бұл өлеңде ащы шындық, ақиқат, басынан кешкені дәл суреттеледі. Тағдыр тауқыметін, анық көрсетіп, зұлымдық әшкереленген. Оқырман ақынмен қосылып, қиындықты, әділетсіздікті сезініп, үмітсіз тор қапастан болашаққа үмітпен қарайтыны сөзсіз. Ақын өлеңінің қозғаушы күші – таза ақындық қабілет, азаматтық жігер, шыншыл шабыт. Өлеңнен оның білгіш парасаты, жүрегінің шалқарлығы, ойының алғырлығы айқын білініп тұр.

Осы сәтте өлең оқи отырып, ақынның ағарып атар күн деп аңсағаны, көркейер алаш деп сенгені,



озбырлардың, қанаушылардың жазасын алып, бостандықтың, тәуелсіздіктің орнығуына көзі жеткеніне куә боласыз. Ақынның сенімі, үміті ақталғанына қуанасыз, онымен бөлісуді қалайсыз. Бірақ ақынның орынсыз орында болған торға, қапасқа, сондағы әскерлерге, сол кездің ұсқынсыз, қатыгез саясатына шексіз ашу бойыңызды торлайды. Дегенмен, ақын күткен болашағы шындық екені сізді үштей қуантады. Осы бейбіт өмірдің қадіріне жетіп, жүректің Отаным, елім деп соғуына түрткі болады.

Сағындым

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным», - деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым...

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген –
Ағайынды, туған елді сағындым...

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей заулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті –
Ойдағыны өткен күнді сағындым...

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан –
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толы жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.
Не дегенін, не істегінін біле алмай,
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!..



ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ УЧАЩИХСЯ – залог правового государства

Алтынай Жұмабекқызы,
главный эксперт Комитета по охране прав детей Министерства просвещения РК

Правовая защита детей – *одна из ключевых целей государственной политики нашей страны. В республике проживает более 6,8 миллионов детей, и это число постоянно растет. С каждым годом в стране рождается около 400 тысяч маленьких казахстанцев.*

Все дети в нашей стране имеют равные права, которые зафиксированы в 16 международных договорах. Конституция, 5 кодексов, 15 законов, включая «О правах ребенка» и «Об образовании» создают основу, на котором строится безопасное детство.

Межведомственная комиссия по делам несовершеннолетних, министерства, акиматы, и более 20 тысяч организаций в сфере образования, здравоохранения и социальной защиты обеспечивают благополучие детей в стране.

Начиная с 2016 года в Казахстане действует Уполномоченный по правам ребенка, а с 2022 года этот институт есть в каждом регионе. Более 120 неправительственных организаций вносят свой вклад в улучшение этой сферы.

Сегодня все больше внимания уделяется проблеме правовой грамотности населения. Знание прав и обязанностей отчасти гарантирует их соблюдение. Правовая культура связана с установленными нормами и правилами, если их не соблюдать – это приводит к правонарушению. Важно уделять внимание подрастающему поколению. Правовая безграмотность молодежи приводит к совершению ими различных правонарушений. Поэтому необходимо пропагандировать правовую грамотность и проводить мероприятия по повышению уровня правовой культуры среди молодого поколения.

Педагогам предстоит решить важную задачу – повысить уровень правовой грамотности учащихся. Воспитание любви к родине сегодня считается важной частью молодежной политики. Учитель – главная фигура в развитии правовой грамотности подрастающего поколения. Они разъясняют ученикам, что такое государство, государственная символика, моральные и правовые ценности.

КАК В ШКОЛАХ ПОВЫШАЮТ ПРАВОВУЮ ГРАМОТНОСТЬ УЧАЩИХСЯ

Вопросы права изучаются на протяжении всего периода обучения через разные предметы: в начальной школе – это такие предметы как «Познание мира», «Самопознание», «Литературное чтение»; в средней школе – это «История Казахстана», «Всемирная история», «Казахский язык» и «Самопознание».

Младший школьный возраст – самый благоприятный для развития положительных качеств личности. Учителя играют главную роль в воспитании маленьких граждан, так как учитель для детей – авторитет и образец для подражания.

Воспитание личности происходит разными способами. Внеклассная и внешкольная воспитательная работа играют немаловажную роль в этом. Во время внеклассной воспитательной работы по повышению правовой грамотности учитель организовывает различные мероприятия на развитие правового сознания учеников в свободное от учебы время. Это отдельная часть воспитательной работы, которую преподаватель проводит в дополнение к занятиям в классе. Обычно такую работу ведут

учителя-предметники, сотрудники правоохранительных органов, родители и активные ученики.

Внешкольная воспитательная работа по повышению правовой грамотности – это важная часть обучения детей и подростков правилам и нормам. Она проходит в свободное от учебы время и направлена на развитие интереса к праву и юридической деятельности.

Такая работа включает в себя разные виды занятий вне класса, например, обсуждение фильмов, экскурсии, конференции, беседы, устные журналы, игры, инсценировки, занятия в кружках, клубах, научных обществах и др.

Эти занятия расширяют знания о законах, развивают навыки правильного поведения и отношения к нарушениям законов. Важно также учитывать национальный контекст, внедряя элементы казахской культуры, обычаев и традиций. Знакомство с первоначальными правовыми основами казахов помогает учащимся почувствовать себя гражданами и быть причастными к правовой идеологии Казахстана.

Для того, чтобы правовые знания учеников нашли применение в жизни, важно закреплять и вырабатывать у них навыки правильного поведения и принятия решений. Отличным способом для этого являются специально организованные игры. В ходе этих игр школьники сопереживают своим героям и пытаются овладеть их моральными качествами.

Игры сильно влияют на эмоциональную сторону личности, помогая развивать навыки общения. Присутствие зрителей и ответственность перед коллективом мотивируют школьников стараться выступать лучше, что способствует усвоению знаний. В ролевых играх каждый участник, будь то «судья», «адвокат», «прокурор» или «юрисконсульт», становится экспертом, и его знания становятся частью его личных знаний.

Есть много разных способов как использовать книги по праву в воспитательной работе. Это могут быть беседы, викторины, книжные выставки, обзоры новых изданий, а также использование статей из газет и журналов на этические темы. Беседы о правовых вопросах играют важную роль в воспитании школьников. Конференции и обсуждения помогают формировать обоснованные мнения, оценки и активные жизненные позиции учащихся.



Современная казахстанская школа ставит перед собой задачу развития личности, которая разделяет ценности общества и способна действовать в сложных условиях. Важным направлением развития Казахстана считается создание гражданского общества и правового государства. Для этого нужны люди, которые готовы сотрудничать для достижения общий целей.

Гражданственность как качество личности формируется на протяжении всей жизни, и здесь важную роль играют семья, образовательные организации, общественные и профессиональные организации, СМИ и другие. В школе особое внимание уделяется воспитанию учащихся как активных граждан Казахстана. Детям прививают уважение к правам человека, любовь к природе, Родине и семье.

Проблема развития правовой культуры остается актуальной, так как нет полной концепции личностной правовой культуры. Учителя, которые ведут предметы «Основы права», «Самопознание», «История Казахстана», иногда не могут обучить учеников основам права в полной мере за отведенное время. Основы права больше делают акцент на юридических аспектах, но понятия правового сознания и правовой культуры несут в себе более глубокий смысл.

На уроках можно использовать разные методы обучения, такие как обсуждение вопросов, игры и анализ ситуаций. Развитие правовой культуры рассматривается как взаимосвязная система компонентов. Эта модель не только отражает уровни развития правовой культуры, но также ставит перед организациями образования стратегические задачи для эффективной подготовки молодежи в правовой сфере.

Главная задача воспитания – научить подростков основам законов, развить правильное отношение к праву и уважение к нему. Важно, чтобы они видели не только обязанности, но и свои права, и были готовы соблюдать законы.

Старшеклассникам правовое воспитание помогает подготовиться к жизни в обществе и активному участию в работе. В этот период молодежь вступает в трудовые, семейные отношения, завершает формирование своего мировоззрения и характера.

Знание основных законов и норм Казахстана, таких как Конституция, Гражданский и Трудовой кодексы, поможет молодежи взаимодействовать с государством и другими людьми, соблюдая правила и свои обязанности. Это также позволит им активно участвовать в создании новых законов и вносить свои предложения в законодательство. В условиях быстрых изменений в обществе молодежь стремится внести свой вклад в разработку новых законов, учитывая последние технологические и социальные изменения. Правовая грамотность также поможет молодежи разобраться в информационных потоках и принимать взвешенные гражданские решения.

ПРАВОВОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ ПЕДАГОГОВ И РОДИТЕЛЕЙ

Современные исследования в области психологии и педагогики показывают, что многие родители сталкиваются с трудностями при воспитании своих детей. Большинство из них имеют низкий уровень знаний в области законов и прав. Хотя многие знают о существовании Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», но мало кто может назвать свои права и обязанности.

От квалификации преподавателя зависит то, как соблюдаются права детей в школе и дома. Задача педагогов – проводить правовое просвещение родителей, выявлять семьи, где возможны нарушения прав ребенка, и содействовать защите этих прав. Для повышения правовой культуры родителей в школах используют три направления:

Информирование о правах и обязанностях семьи в вопросах образования детей, включая законы и возможности реализации этих прав. Проведение открытых опросов для выявления мнений родителей по актуальным вопросам.

Правовой консалтинг – «горячая линия» для профессиональной консультации родителей.



Просвещение – способствовать самоорганизации родителей в вопросах защиты прав детей, их воспитания, образования и оценки качества образования.

Обучение родителей в роли партнера, союзника и совместного управленца для школы. Задачи правового просвещения родителей включают в себя повышение уровня правовой культуры родителей при помощи Конвенции о правах ребенка и другими законами; формирование индивидуальной родительской позиции; вовлечение родителей в процесс защиты прав детства, воспитания и обучения детей.

При подготовке мероприятий по повышению правовой грамотности родителей важным становится семейно-правовой аспект. Родители должны получить более глубокие знания в области семейного права, а также бесплатные юридические консультации по вопросам, связанным с правами и обязанностями детей. Важно, чтобы родители усвоили навыки урегулирования конфликтов в семье.

Для успешного проведения мероприятий необходима активная, творческая форма обучения, которая поможет развить родительские компетенции через теоретические знания и применять их в реальных ситуациях.

Основные формы работы с родителями – это лекции (информационные, визуализированные, проблемные); практические занятия (дискуссии, тренинги, изучение кейсов); решение ситуативных задач, индивидуальные и групповые юридические консультации; творческие задания, ролевые игры, тестирование, анкетирование; просмотр и обсуждение фильмов семейно-правовой тематики, викторины, конкурсы; круглые столы и выступления специалистов правоохранительных органов.

На родительских собраниях часто дают важную информацию о законодательных изменениях в области образования и воспитания детей. В таких мероприятиях обычно участвуют представители органов внутренних дел, комиссии по делам несовершеннолетних, органы опеки и попечительства, а также юристы.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОВНЯ ПРАВОВОЙ ЗАЩИЩЕННОСТИ ДЕТЕЙ

Каждый год с 2015 года Комитет по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан проводит исследование для определения уровня правовой защищенности детей и их родителей. Это исследование проводится для того, чтобы проверить уровень знаний детей о своих правах и обязанностях; как дети применяют свои правовые знания на практике; как соблюдаются основные положения Конвенции о правах ребенка; для подготовки рекомендаций для государственных органов и учреждений образования.

Исследование проводится в городах и селах страны с помощью анкетирования. За последние годы уровень правовой защищенности детей показывает рост (от 58% в 2015 году до 87,1% в 2022 году). Это говорит о системной работе органов и организаций образования по правовому воспитанию детей.

Повышение уровня правовой грамотности говорит о том, что дети готовы соблюдать законы, использовать свои права и исполнять обязанности. Работа в этом направлении будет продолжаться.



ЮНЕСКО тізіміне енген Қазақстанның қандай мәдени нысандарына баруға болады?

Бүгінде елімізде туризмді дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Сондықтан биыл қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Туризм және спорт министрлігі құрылды. Жаңа ведомство туризмге, туристік индустрия және туристік қызметке жауапты болады. Министрліктің мәліметінше, 2020-2022 жылдары отандық туризмге 4 млрд доллар инвестиция тартылған. Нәтижесінде 400-ден аса туристік нысан пайдалануға беріліпті. Бұл туризм инфрақұрылымын қалыптастыруға септігін тигізіп, туристерге сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қазақстанның туристік әлеуетін дамыту үшін туристендіру картасына өзгерістер енгізілді. Осылайша, жаңа туристік картаға 102 нысан енгізілді. Оның ішінде республикалық деңгейдегі 33 туристік аумақ пен нысан бар. Республикалық деңгейдегі аумаққа Астана, Алматы және Түркістан қалалары енді. Сонымен қатар бұл тізімнен көркі көз тартар, тұмса табиғаты бар Көлсай көлдері, Шарын шатқалы, Қатон-Қарағай, Алтын Емел, Жоңғар Алатауы, Сайрам-Өгем ұлттық табиғи парктерін көруге болады.

Бұдан басқа, шетелдік туристер мен қазақстандықтар ЮНЕСКО (UNESCO) тізіміне енген Қазақстанның мәдени нысандарын да тамашалай алады. Бұл қандай нысандар, олар қайда орналасқан? Бұл сұрақтарға жауап бермес бұрын алдымен ЮНЕСКО ұйымының маңызына тоқталайық.

United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы 1945 жылы 16 қарашада құрылған. Оның бас штаб-пәтері Франция астанасы Париж қаласында орналасқан. Бүгінде ұйымға



195 ел мүше. ЮНЕСКО мемлекеттер арасындағы білім, ғылым және мәдениет саласында ынтымақтастықты дамыту арқылы әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды көздейді және ешкімді ұлтқа, ділі мен дініне бөлмей, БҰҰ Жарғысында жарияланған адамның құқығы мен бостандығын қорғайды. Ұйымда ресми 6 тіл бар: ағылшын, француз, испан, араб, орыс және қытай тілдері. 1992 жылғы 22 мамырда Қазақстан ЮНЕСКО-ға мүше болды. Енді ұйымның тізіміне еліміздің қандай мәдени нысандар енді деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІ

Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО тізіміне енген. Түркістан қаласында орналасқан кесене XIV-ғасырдың аяғы мен XV-ғасырдың басында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған. Кесененің жобасын жасауға Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемді анықтаған деген тарихи деректер бар.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі үлкен порталды-күмбезді мемориалды құрылыс болып саналады. Онда аса үлкен портал, бірнеше күмбез, 35 бөлме бар. Ғимараттың биіктігі – 37,5 м. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы – 3 метр. Тарихи ғимарат мешіт, медресе қызметін де атқарған. Кесененің 3 қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған.

XVI-ғасырдан бастап кесенеде және оның төңірегінде қазақтың хандары, билері мен батырлары жерлене бастайды: Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр.

ТАМҒАЛЫ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

2004 жылы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұрасының тізіміне енді. Тамғалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс беткейінде орналасқан.



Тамғалы шатқалындағы тасқа қашалып салынған суреттер 1957 жылы 19 қыркүйекте табылды. Оны кеңес археологы, ғалым Анна Максимова бастаған экспедиция зерттеді. Онда бес мыңдай таңба бар. Тасқа қашалып жазылған бұл таңбалардың жалпы аумағы – 3800 гектар болса, оның 9 гектары аса маңызды тарихи орын болып саналады.

Тасқа қашалып салынған суреттерден қасқыр, жылқы, құлан, тауешкі, бұғы, өгіз, бейнелерінен бөлек, шайтан бейнесіндегі адамды да көруге болады. Бұл орын – ерте замандағы адамдардың тыныс-тіршілігін, таным-түсінігін түсінуге мүмкіндік беретін әлем үшін маңызды тарихи орындардың бірі.

САРЫАРҚА

2008 жылы 7 шілдеде ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне енді. Сарыарқа даласы Орталық Азиядағы әлемнің мәдени мұрасы қатарына кірген алғашқы табиғи нысан. Ол Ақмола, Қарағанды, Ұлытау және Қостанай облыстарында орналасқан. Оның жалпы ауданы – 450 344 гектар. Сарыарқада Қорғалжын және Наурызым қорықтары бар. Бұл аумақ арқылы жыл сайын миллиондаған жыл құстары ұшады. Мысалы, оның бірі – Қызыл кітапқа енген қоқиқаз құсы. Елімізде ол тек 3 жерде ұялайды: Ақмола облысындағы Теңіз көлі, Торғай өзеніндегі Шалқар теңізі, Каспий теңізіндегі Комсомол шығанағы мен Қолтық соры.



Қоқиқаз батпақты жағалауы бар кең, әрі таяз тұзды су қоймаларында және аралдарда мекендейді.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Ұлы Жібек жолының бағыттары 2014 жылы ЮНЕСКО тізіміне енген. Ол Алматы мен Жамбыл облыстарында орналасқан. Жоба аясында Қазақстан, Қытай және Қырғызстанды қосқанда әлемдік мұра тізіміне 33 нысан еніп отыр. Оның сегізі елімізде орналасқан: Талғар, Қойлық қалашығы, Қарамерген (Алматы облысы), Ақтөбе қалашығы, Степнинское, Ақыртас, Құлан, Қостөбе және Өрнек (Жамбыл облысы).

БАТЫС ТЯНЬ-ШАНЬ ТАУЛАРЫ

Әлемдік мұра тізіміне 2016 жылы кірді. Батыс Тянь-Шань сілемдері Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғызстан аумағында орналасқан. Батыс Тянь-Шаньдағы тау сілемдерінің биіктігі 700 метрден 4503 метрге дейін жетеді. Батыс Тянь-Шаньның Қазақстанға тиесілі бөлігінде Қаратау, Ақсу-Жабағылы қорықтары мен Сайрам-Өгем ұлттық паркі бар.

АЛТЫН ЕМЕЛ МЕН БАРСАКЕЛМЕС

Биыл 20 қыркүйекте Алтын Емел ұлттық паркі мен Барсекелмес қорығы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізіміне енді. Мұндай шешім Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы Эр-Рияд қаласында өткен 45-сессиясында қабылданды.

Алтын Емел Жетісу Алатауының оңтүстік сілемдерінің арасында орналасқан. Ол өзінің сұлу табиғатымен жұртты таңғалдырады. Мұнда шөл мен шөлейіт те, тау да бар. Ұлттық парктің аумағы арқылы





Іле өзені ағып жатыр. Оның аумағы – 520,2 мың гектар. Мұнда 1800-ге жуық өсімдіктің түрі бар. Оның 21 түрі Қазақстанның Қызыл Кітабына енген, ал 60 түрі сирек кездесетін өсімдік болып саналады. Саябақта Қызыл кітапқа енген 56 жануар мекендейді. Сондай-ақ Алтын Емел ұлттық паркі - аумағы жағынан еліміздегі ең үлкен табиғи саябақ.

Барсекелмес – Қызылорда облысы Арал ауданындағы экологиялық апат аймағында орналасқан әлемдегі жалғыз қорық. Оның аумағы 60 мың гектардан асады. Онда негізінен сексеуіл өседі және өсімдік флорасының 298 түрі бар. Сонымен қатар мұнда өсетін өсімдіктің 14-і эндемик.

Қорықта 25 сүтқоректі жануар мекендесе, олардың бірнешеуі дүниежүзілік Қызыл кітапқа енген. Олар – құлан мен қарақұйрық. Құстардың 178 түрі мекен етсе, бұлардың 26 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген. 1990 жылдары Арал теңізінің тартылуы салдарынан қорық экологиялық дағдарысқа ұшырады. Қазіргі таңда Барсакелмес мемлекеттің бақылауында.

.....

Біз сіздерге ЮНЕСКО тізіміне енген Қазақстанның мәдени нысандары туралы ақпаратты ықшамдап, тек маңыздысын бердік. Егер бұл жаққа жолыңыз түссе, еліміздің терең тарихымен танысып қана қоймай, тұмса табиғаттың көркін өз көзіңізбен көре аласыз. Бүгінде ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне Қазақстаннан 10 нысан енгізілген. 2025 жылға қарай олардың санын он алтыға жеткізу жоспарланып отыр.

.....



ЖАЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚЫСТЫҚ КАНИКУЛДЫ ӨТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ ИДЕЯЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Қыс мезгілі – көп адамға суық, қаһарлы көрінеді. Қыс кезіндегі ауаның тазалығы соншалықты деміңді ашып, бірден сергітеді. Алғаш қар түскен кезде балалар мен қоса ересектер де далаға шығып, мәре-сәре болады. Ақ ұлпадай жауған қарға қарасаң, көзің тоймайды.

Көзді ашып-жұмғанша қыстық каникул да жақындап келеді. Жаңа жылдан кейін оқушылар кезекті демалысына шығады. Биылғы каникул бір күнге созылып отыр. Мектеп оқушылары 29 желтоқсаннан бастап 7 қарашаға дейін 10 күн бойы демалады. Себебі биыл 29 желтоқсан жұмаға түсіп тұр. Ал 2024 жылғы 7 қаңтар – жексенбі. Осылайша, дүйсенбі, 8 қаңтарда оқушылар қайтадан сабаққа барады. Сөйтіп оқу жылының үшінші тоқсаны басталады.

Сонымен қатар жазға дейін көктемгі каникул бар. Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, көктемгі каникул 21-31 наурыз аралығын қамтып, 11 күнге созылады.

Бұдан бөлек, бірінші сынып оқушыларына қосымша бір апталық демалық беріледі. Мерзімі – 5-11 ақпан (барлығы 7 күн).

Ал оқу жылы 25 мамырға дейін жалғасады.

Сонымен екі айға созылған оқу мерзімінен кейінгі каникулда күш жинап, демалып, отбасымен немесе достармен бірге уақыт өткізу мүмкіндігі туындайды.









Осы орайда қыстық каникулды қалай қызықты әрі тиімді өткізуге болатынын зерделеп көрейік.


Қазақстан қысы суық мемлекеттердің бірі болғандықтан, дәл қаңтар айының басында көп жағдайда боран соғып, жолдар жабылып, көктайғақ болып кетеді. Онымен қоса көшеге шықпау туралы дауылды ескертулер де келеді. Сол сәттерде каникулдың бірнеше күнін ешқайда шықпай үйде өткізуге тура келеді.

Киномарафон ұйымдастыру

Қазір кино әлемінде комедиядан бастап түрлі жанрдағы фильмдер шығып жатыр. Кино көру адамға позитивті эмоция сыйлайды. Бұл ретте олардың арасынан саған пайдалы, мотивация беретін фильмдерді таңдаған дұрыс. Ал ағылшын тіліңді шыңдағың келсе, аудармасы немесе субтитрі бар ағылшын тіліндегі фильмдерді көргенің абзал. Бұл арқылы тілді меңгере отырып, есте сақтау қабілетіңді де жақсарта аласың.

Мәселен, Жаңа жылда көбісі «Үйде жалғыз қалғанда» фильмін көріп жатады. Бұл – тек шетелдік қана емес, қазақстандық аудиторияны да жаулап алған фильмдердің бірі. Фильмнің басты кейіпкері – Кевин Маккалистер. Ол ата-анасының ұмытшақтығы салдарынан үйде жалғыз қалып қояды. Ал оның отбасы басқа қалаға ұшып кетеді. Кевин жасы кіші болса да, жалғыздыққа мойымай, өзін де, үйін де ұрлықшылардан қорғап қалады. Сюжеті қызықты фильм әртүрлі жастағы баланы бірден баурап алатыны сөзсіз.







Фантастикаға толы «Гарри Поттер және пәлсапа тас» фильмі де әрбір бала көруі тиіс фильмдер қатарында. Жастайынан жетім қалған Гарри Он бірінші туған күнінде өзінің сиқыршы екенін түсінеді. Кейіннен ол Хогвартс сиқыр мектебінің студенті атанады. Онда достар мен дұшпандар табады. Жалпы бұл фильм тек сиқыр туралы ғана емес, ата-анаға, достарға және мектепке деген сүйіспеншілікке негізделген.

Отбасылық отырыстар

Бір қарағанда бұл идея тым қарапайым көрінуі мүмкін. Дегенмен отбасылық отырыстар жанұяны біріктіруге аз болса да үлесін қосатыны анық. Анаңмен бірге ас әзірлеп, дастарханды әдемілеп жайып, отбасымен әңгіме дүкен құрудың өзіндік пайдасы бар. Себебі қазіргідей жұмысбастылық заманында ата-ана мен бала бір-бірімен ашылып сөйлесуге уақыт таппайды.





Жаңа хобби

Сүйікті хобби адамды қуанышқа бөлейді. Сонымен қоса жүйке жүйесін тыныштандырады. Әсіресе қысқы каникул жаңа хабби меңгеруге таптырмас уақыт. Себебі сабақ кезінде жаңа нәрсемен айналысуға уақыт тапшы болады.

Хоббиді сырттан іздемей үй жағдайында да бастауға болады. Мәселен ескі киімге жаңа дем беру. Кастомизация – арнайы бояулар арқылы киімге немесе матаға сурет салу. Осылайша ескіріп бара жатқан көйлегің сенің гардеробыңның сәніне айналады. Суретті киімге ғана емес, телефон қаптамасына, шопперге, қолшатырға немесе пеналға және т.б. заттарға салуға болады.

Бисермен түрлі әшекей жасау. Ол үшін бисер мен металл сым болғаны жеткілікті. Бұл хобби әсіресе жасөспірімдер арасында танымал. Түрлі дизайндағы сырға, жүзік, ойыншықты ғаламтордан қарап отырып, өз қолыңмен жасауға болады. Қалтаға қонымды және қызықты хобби ақыл-ойды дамытады, қолдың ептілігін жетілдіреді.

Саздан түрлі бұйымдар жасау - өз қолыңмен сыйлық жасаудың тиімді жолы. Полимерлі немесе кәдімгі сазбалшық әдетте канцелярлық дүкендерде сатылады. Онымен қоса түрлі формаларын да алуға болады.

Декор элементтері, ыдыс-аяқ, әшекейлер – осының барлығын саздан жасап шығаруға болады. Дайын өнімді арнайы краскамен бояп, лак жағады немесе пеште қыздырады. Қазір балалар арасында саздан жасалған «копилка» танымал болып келеді. Оны сатып, пайда жасап жүргендері де бар. Бұндай дүниені досыңа ұялмай сыйлай аласың немесе өз бөлмеңнің сәні етіп қоя аласың.

Армандар картасын жасау. Ескі газет-журналдардан суреттерді, цитаталарды қиып алып, коллаж







жасауға болады. Бұл коллаж арқылы үйге жай декор элементін ғана жасап қоймайсың, болашағыңа қатысты үлкен мотивацияны өз қолыңмен жасайсың. Себебі панноны сәндеп отырып, өзіңнің армандарың мен болашағыңды елестетесің. Мәселен белгілі бір жоғары оқу орнына түсу, шетелде саяхаттау, үлкен үйге қол жеткізу және т.б.

Белсенді демалыс

Әрине, тәулік бойы теледидар немесе ноутбуктың алдында отырудың қажет жоқ. Сол үшін қолғабыңды киіп алып, достарыңмен немесе отбасыңмен таза ауаға шығып тұру қажет. Физикалық белсенділік пен таза ауа адамның қан айналымын жақсартады, әрі иммунитетін көтереді.

Шаңғы тебе алмасаң, дәл қазір саған жақсы мүмкіндік туындап тұр. Достарыңа ұсыныс жасап, бірге шаңғы тебуді үйренсеңдер тіпті жақсы. Бұл да өзіндік мотивация.

Жалпы қыстық ойындар алуан түрлі. Үйдің ауласына достарыңмен бірігіп, сырғанақ, аққала салуға болады. Қар атысып, қуаласпақ ойнау да әр балаға қуаныш сыйлайтыны сөзсіз. Ең бастысы бұның барлығы тегін және қолжетімді.

Сонымен қоса қыста оқушыларға арналған лагерьлер жұмыс істейді. Олар көбінесе арнайы базада орналасады және ақылы болады. Лагерьде тамақпен толық қамтамасыз етеді. Сондай-ақ түрлі спорттық шараларды қамтиды.



Мәдени және рухани демалыс

Көптеген мекеме жаңа жылдық қойылымдар, тематикалық көрмелер, спектакльдер ұйымдастырады. Сонымен қатар балаларға арналған мастер-кластар да жиі өткізіледі. Қызықты іс-шаралар көп. Тек жергілікті жердегі афишаларды зерделеу қажет. Көп бала музейге баруға уақыт таппайды, қысқы каникул рухани баюға мүмкіндік беретін таптырмас уақыт.

Жаз - мектеп оқушыларының асыға күтетін ең сүйікті мезгілі. Бір бала үшін жазғы демалыс – шетелге шығу болса, екіншісі үшін ауылға барып, ата-әжесімен қауышу. Сол үшін бір жылға жуық талмай білім алған балалар, ең алдымен серпіліп, жақсылап демалып алғаны дұрыс.


Каникул бастала салып, жазғы лагерьлер өз жұмысын бастап кетеді. Лагерьлерде бала көптеген қызықты дүниелерге тап болып, танымын көкжиегін кеңейтіп, достар санын көбейтеді. Жалпы лагерьдің түр-түрі болады. Оның ішінде: спорт пен шығармашылыққа бейімделген лагерьлер, әскери-спорттық лагерьлер, жеке басты дамытуға бейімделген лагерьлер, халықаралық киіз үйлік лагерь, спорттық лагерь.

Лагерьлерде әр оқушының күн тәртібі сағатына дейін алдын ала жоспарланып қояды. Мәселен, біреулері тіл меңгеруге бет бұрса, ал енді біреулері мың бұралып түрлі ұлт өкілдерінің билерін үйренеді. Ұйымдастырушылар бағдарламаға спорттық шараларды да қосуды ұмытпаған. Тоғыз ай бойы жазғы демалысын күткендерді түрлі қызықты ойын-сауықтар күтіп тұр.

Лагерьлердің басым бөлігі жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаға тегін.









Мазмұны
Содержание

ИНДЕКС — индекс КОПД.....2-7

СӨЗ ӨНЕРІ — Сөз өнері – асыл өнер: Мектептегі дебат қозғалысы дегеніміз не? Қалай қатысып, өзіңді қалай дамытуға болады?.....8-13

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС — Мектепте ойнауға болатын қазақтың ұлттық ойындары туралы білесіз бе?.....14-19

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ — Мотивацияға жетелейтін оқу мен оқушылар туралы фильмдер.....20-25

МОЯ РОДИНА - КАЗАХСТАН — Патриотизм как личностная характеристика казахстанского школьника.....26-31

БЕЗОПАСНОСТЬ — Формирование у детей школьного возраста безопасного поведения на дороге.....32-37

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ — Құқық қорғау институтын нығайту.....38-41

ӘДЕБИЕТ — Мағжан Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңіне шертілген сыр.....42-47

ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ — Правовое воспитание КОПД.....48-53

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЯХАТ — Культурное наследие Казахстана: Какие объекты можно посетить из списка ЮНЕСКО.....54-59

ДЕМАЛЫС — Жаздық және қыстық каникулды өткізуге қатысты идеялар мен ұсынымдар.....60-65

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

КОМИТЕТА ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

74 25 28

КОД Г.АСТАНА: 8 (7172)

Дорогой Друг!

Помощь по телефону доверия анонимна и бесплатна!



У каждого человека могут быть сложные жизненные ситуации. Телефон Доверия поможет вам быть понятым и принятым, разобраться в том, что происходит, и решить, какие шаги предпринять. Телефон Доверия открыт для детей и взрослых. Каждый человек будет выслушан и получит совет компетентного специалиста.

У всех нас меняется настроение, возможны резкие колебания в короткие промежутки времени - от радости и счастья до полного отчаяния. Поэтому очень важно иметь возможность проконсультироваться со специалистом, который убережет вас от конфликтов и необдуманных импульсивных поступков.

Уважаемые читатели!

При поддержке комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере телеграм с 2019 года функционирует чат «Bala Qorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних. Для оперативного реагирования на обращения в режиме 24/7 работает телеграм-бот BalaQorgauBot2.0. Безопасность и благополучие детей в наших руках!

BALAQORGAUBOT2.0

8 (7172) 74 25 28

ПОЗВОНИТЕ

ПРОСТО ПОЗВОНИ
НА ТЕЛЕФОН И ТЕБЕ ПОМОГУТ

